

**2018-2019 жылдар аралығындағы жылыту кезеңі үшін сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша қызметтердің құнын қайта есептеу бойынша ақпарат**

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 26-бабының 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес, табиғи монополия субъектісі сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын тұтынушыларға тікелей не тұтынушының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке ақы төлеу кезінде тарифті төмендету арқылы қайта есептеуді жүргізуге міндетті.

Қолданыстағы сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 7 тамыздағы №599 бұйрығымен айқындалған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық департаменттерінің ұсынған ақпараттарына сәйкес, 2018-2019 жылдар аралығындағы жылыту кезеңіне жылумен жабдықтау бойынша қызметтер үшін тұтынушыларға қайтарылатын жалпы сомасы **ҚҚС-сыз 805 134,67 мың теңгені** құрады.

№ р/н	Өңірлердің атауы	2018-2019 жылдардағы жылыту кезеңінде қайтарылатын жалпы сома (ҚҚС-сыз мың теңге)
1	Нұр-Сұлтан қаласы	—*
2	Алматы қаласы	189 189,67
3	Шымкент қаласы	39 979,95
4	Алматы облысы	2 225,98
5	Ақмола облысы	19 190,41
6	Атырау облысы	42 534,39
7	Ақтөбе облысы	13 781,46
8	Шығыс Қазақстан облысы	65 751,59
9	Жамбыл облысы	43 838,43
10	Батыс Қазақстан облысы	1 899,25
11	Қарағанды облысы	253 065,41
12	Қостанай облысы	39 748,34
13	Қызылорда облысы	80 661,14
14	Маңғыстау облысы	9 067,92*
15	Павлодар облысы	139,66
16	Солтүстік Қазақстан облысы	3 052,75
17	Түркістан облысы	1 008,32
<b>Барлығы:</b>		<b>805 134,67</b>

\* - «Астанаэнергосбыт» ЖШС (Нұр-Сұлтан қаласы) және «МАЭК-Казатомпром» ЖШС-мен (Маңғыстау облысы Ақтау қаласы) тұтынушыларға сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеу бойынша аталған субъектілер тұтынушылармен есептеуді нақты көрсетілген қызметтер бойынша жүргізетіндіктен қаражат қайтарудың негізі жоқ.

Табиғи монополия субъектісі сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуден алынған қаражатты тұтынушыларға тікелей не тұтынушының орналасқан жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерге кейіннен ақы төлеу кезінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төмендету жолымен қайтаруға міндетті.

Өткен жылыту кезеңі ішінде жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төмендету берілген шоттардағы төлем сомасын қайта есептеу шамасына төмендету жолымен жүргізіледі.

Қайта есептеу нәтижесінде есептелген қаражатты қайтару тұтынушының жеке шотында көрсетіледі және аванс түрінде (сальдо) жеке жолда жазылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының өңірлерінде жылумен жабдықтау қызметтері бойынша қаражаттарды тұтынушыларға қайтару жылыту кезеңі үшін немесе күнтізбелік жыл үшін қайтарылады.